



Тауарларды сатып алу жөнінде шарт №1043083/2025/1

05.02.2025 жылғы

«Қазақстан-Қытай Құбыры» ЖШС, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын, Бас директордың өндіріс жөніндегі орынбасары Турлыбеков Бермахан Курманалиевич негізінде әрекет ететін Сенімхат №4190214943 14.01.2025 бастап, Бас директордың бірінші орынбасары Тянь Айминь атынан, бір жағынан, және Товарищество с ограниченной ответственностью "Ada Oil Trading" бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталатын, Директор БЕКЕЖАНОВА ЖАННЕТА ДУЙСЕТАЕВНА негізінде әрекет ететін Жарғы, , екінші тараптан бірлесіп «Тараптар», ал жоғарыда көрсетілгендей жеке-жеке «Тарап» деп аталатындар «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тікелей немесе жанама тиесілі заңды тұлғалардың сатып алуды жүзеге асыру тәртібіне (бұдан әрі – Тәртіп) сәйкес және Нәтижелер хаттамасы № 1043083 негізінде осы тауарларды сатып алу туралы шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты және төмендегілер туралы келісімге келді.

Өнім беруші осы Шартқа қол қоя отырып, мыналарды растайды:

- заңнамаға сәйкес құрылған және әрекет ететін кәсіпкерлік субъектісі болып табылады;
- осы Шартқа қол қою үшін қандай да бір шектеулер, тыйым салулар жоқ;
- осы Шартқа қол қою алдында өзінің барлық кәсіпкерлік тәуекелдерін бағалады және сәйкестендірді.

1. Шарттың мәні

1.1. Өнім беруші Тауарларды Шартта көрсетілген бағалар, өлшемдер және басқа да талаптар бойынша (бұдан әрі - Тауар) Тапсырыс берушінің меншігіне жіберуге және беруге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші Шарт бойынша Өнім беруші өз міндеттемелерін тиісінше орындаған жағдайда осы Шарттың талаптарында Тауарды қабылдауға және оған ақы төлеуге міндеттенеді.

1.2. Тауарды Тапсырыс берушінің қоймасына жеткізу Шартқа №2 қосымшаға сәйкес жүзеге асырылады.

1.3. Өнім беруші Тауардың меншік иесі болып табылады және Тауарға үшінші тұлғалардың ауыртпалықтары мен құқықтарының болмауына кепілдік береді.

1.4. Кеден одағының кеден заңнамасына және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында Тауарды ішкі тұтынуға енгізу үшін қажетті тауарларды кедендік тазарту жөніндегі операциялар аяқталған және (немесе) жанама салықтар бойынша салық есептілігін табыс ету жөніндегі салық міндеттемесі орындалған, кедендік төлемдер, баждар және қосылған құн салығы төленген Тауар жеткізуге жатады.

2. Шарттың құны және төлеу шарттары

2.1. Осы Шарттың жалпы сомасы 249798015.94 (екі жүз қырық тоғыз миллион жеті жүз тоқсан сегіз мың он бес теңге, тоқсан төрт тиын) Теңге ҚР ҚҚС-ты қоса алғанда құрайды және Шарттың талаптарын тиісінше орындау үшін қажетті барлық шығыстарды қамтиды, Шартта және Тәртібіне көзделген жағдайларды қоспағанда, Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін өзгертуге жатпайды.

2.2. Шарт бойынша төлем түрлерінің жалпы арақатынасы Шартқа № 1 қосымшада көрсетілген.

2.3. Шарт бойынша ақы төлеу мынадай тәртіппен жүргізіледі:

2.3.1. Тапсырыс беруші Шарттың жалпы сомасының 100% мөлшерінде аванстық төлем (алдын ала төлем) жүргізеді, бұл Тараптар Шартқа қол қойған күннен бастап, Шарттың 6.6-тармақшасына сәйкес банк кепілдігінің түпнұсқасы түрінде 249 798 015 (екі жүз қырық тоғыз миллион жеті жүз тоқсан сегіз мың он бес) теңге 94 тиын сомасына Өнім беруші төлеуге тиісті шот ұсынған және аванстық төлемді (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз еткен күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде ҚҚС есебімен 249 798 015 (екі жүз қырық тоғыз миллион жеті жүз тоқсан сегіз мың он бес) теңге 94 тиын құрайды. Өнім беруші аванстық төлемнен (алдын ала төлемнен) бас тартқан жағдайда, бұл аванстық төлем (алдын ала төлем) жүзеге асырылмайды;

2.3.2. Егер аванстық төлемді қайтаруды қамтамасыз ету Шартта көрсетілген мерзімдерде ұсынылмаса, тауарды жеткізгені үшін төлемді Тапсырыс беруші тауарды жеткізу фактісі бойынша Тараптар осы бөлімнің 2.4-тармағында көрсетілген құжаттарға қол қойғаннан кейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірілмейтін мерзімде Өнім берушінің есеп айырысу шотына ақшалай қаражатты қолма-қол ақшасыз аудару жолымен жүргізеді.

2.4. Жеткізілген тауарлар үшін ақы төлеу, оның ішінде шарт бойынша түпкілікті есеп айырысу Тараптар жеткізілген тауарлар Актісіне (актілеріне) (бұдан әрі-Қабылдап алу - беру актісі (актілері)) қол қойған және күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірілмейтін мерзімде мынадай құжатты (құжаттарды) ұсынған күннен бастап жүргізіледі:

2.4.1. Шарт шеңберінде жеткізілген Тауарлардағы елішілік құндылық үлесін электрондық құжат нысанында есептеу (электрондық сатып алуды жүргізуді қамтамасыз ететін «Самұрық-Қазына» АҚ-ның ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – Веб-портал) ұсынылады.

2.4.2. Электрондық шот-фактураның көшірмесі.

2.4.3. Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойған қорларды тарапқа беруге арналған жүкқұжат.

2.4.4. Өзара есеп айырысуларды салыстыру актісі.





2.4.5. Тауарды Қазақстан Республикасының аумағына әкелу (импорттау) кезінде Шарттың 4-бөлімінің 4.1-тармағының 4.1.18 және 4.1.19-тармақшаларында көрсетілген құжаттар.

2.5. Өнім беруші заңнамаға сәйкес ресімделген және қол қойылған Қабылдау-беру актісін (актілерін) Тапсырыс берушіге Веб-портал арқылы жібереді.

Электрондық түрде Веб-порталда Тауарларды қабылдау-беру актісін (актілерін) қалыптастыруға және қол қоюға жол беріледі.

Ілеспе жұмыстарды (қызметтерді) орындау кезінде түпкілікті есеп айырысу тиісті жұмыстарды (қызметтерді) орындағаннан кейін Шарт бойынша жүзеге асырылуы мүмкін.

Бұл ретте ілеспе жұмыстарды (қызметтерді) орындағаны үшін төлемді ұстап қалу Шарт сомасының 20%-ынан аспауы тиіс.

2.6. Тапсырыс беруші Мердігердің төлем құжаттарының топтамасын уақтылы ұсынбауына/қол қоюына байланысты төлемді кешіктіргені үшін жауапты болмайды.

2.7. Есеп айырысу Өнім беруші Шарт бойынша өзінің барлық міндеттемелерін толық көлемде орындағаннан кейін, Тапсырыс берушіде Тауардың сапасына, жинақтылығына, санына және оны жеткізу мерзімдеріне шағымдар болмаған жағдайда жүргізіледі.

2.8. Нақты жеткізілген Тауар үшін төлем бұрын төленген алдын ала төлемді ескере отырып жүргізіледі.

2.9. Шарттың жалпы сомасы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген барлық салықтарды, кедендік және мемлекеттік бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді қамтиды.

2.10. Егер Шарт жасалғаннан кейін Өнім беруші ҚҚС бойынша тіркеу есебінен алынса, онда Өнім беруші тіркеу есебінен шығарылған күннен бастап ҚҚС-сыз шот-фактураны/ларды жазып береді.

3. Жеткізу мерзімі және шарттары

3.1. Өнім беруші Тауарды Шартқа №1 және №2 қосымшаларға, Өнім берушінің Сатып алу жөніндегі № 1043083 тендерлік өтініміне және Тапсырыс берушінің Сатып алу жөніндегі № 1043083 техникалық ерекшелігіне сәйкес мекенжайы бойынша және мерзімінде жеткізуге міндетті.

3.2. Тауарды жеткізу күні Тапсырыс берушінің Қабылдау-беру актісіне қол қойған күні болып саналады. Өнім беруші Тауарды Тапсырыс берушіге саны мен сапасы бойынша Қабылдау-беру актісіне сәйкес және Шартқа №2 қосымшаға сәйкес береді. Тауарға меншік құқығы, сондай-ақ Тауардың кездейсоқ жойылу, бүліну қаупі Тапсырыс беруші Қабылдау-беру актісіне қол қойған күннен бастап Өнім берушіден Тапсырыс берушіге ауысады. Жеткізумен байланысты шығыстар Шарттың жалпы сомасына қосылады.

3.3. Тауар жеткізілетін Тауардың сипатына сәйкес келетін қаптамада жеткізіледі, жүкті тиісті дәрежеде қолданған кезде оның белгіленген жерге дейін тасымалдау кезінде сақталуын қамтамасыз етеді.

3.4. Тауарды мерзімінен бұрын жеткізуге Тапсырыс берушімен жазбаша келісілгеннен кейін ғана жол беріледі.

3.5. Барлық Тауар жаңа, сапалы болуы, Шарттың талаптарына қатаң сәйкес келуі және осы тектегі Тауар әдетте пайдаланылатын мақсаттарға жарамды болуы тиіс.

4. Тараптардың құқықтары және міндеттері

4.1. Өнім беруші міндетті:

4.1.1. Шарттың шарттарына сәйкес Тауарды жеткізу;

4.1.2. Шартқа қол қойылған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде Өнім беруші аванстық төлемнен (алдын ала төлемнен) бас тартқан жағдайларды қоспағанда, Шарт бойынша аванстық төлем (алдын ала төлем) толық өтелгенге дейін қолданылу мерзімі бар авансты (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді Төлем тапсырмасы, Банк кепілдігі түрінде енгізеді. Егер Өнім беруші Тәртіптің 64-бабы 5-тармағының талаптарына сәйкес авансты (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді алмастырмаған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіге жазбаша хабарлама жіберу арқылы сатып алу туралы шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартады. Хабарламаға хат, жеделхат, телефонограмма, телетайпограмма, факс, электрондық құжат немесе электрондық хабарлама теңестіріледі. Өнім беруші осы хабарламаны алған күннен бастап Шарт біржақты тәртіппен бұзылған болып есептеледі.

4.1.3. Осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданылу мерзімімен Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді Шарттың жалпы құнының 5.00 % мөлшерінде Банк кепілдігі, Төлем тапсырмалары түрінде енгізілсін, Шарттың орындалуын қамтамасыз ету белгіленген мерзімде ұсынылмаған жағдайда Тапсырыс беруші біржақты тәртіппен сатып алу туралы шартты орындаудан бас тартады және тендерлік өтінімді қамтамасыз етуді ұстап қалады. Сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізудің түпкілікті мерзімі өткенге дейін өнім берушінің сатып алу туралы шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындауы жағдайлары алып тастауды құрайды. Тапсырыс беруші Өнім берушіге жазбаша хабарлама жіберу арқылы сатып алу туралы шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартады. Хабарламаға хат, жеделхат, телефонограмма, телетайпограмма, факс, электрондық құжат немесе электрондық хабарлама теңестіріледі. Өнім беруші осы хабарламаны алған күннен бастап Шарт біржақты тәртіппен бұзылған болып есептеледі.

Егер Өнім беруші Тәртіптің 64-бабы 5-тармағының талаптарына сәйкес шарттың орындалуын қамтамасыз етуді алмастырмаған





жағдайда, Тапсырыс беруші осы тармақта көзделген тәртіппен сатып алу туралы шартты орындаудан біржакты тәртіппен бас тартады.

4.1.4. Тапсырыс берушіге жеткізілетін тауарға арналған құжаттарды Шартта көзделген мерзімде және шарттарда ұсынуға, оның ішінде:

4.1.4.1. Шарт шеңберінде электрондық құжат нысанында жеткізілген Тауардың барлық көлеміне (санына) Шарттағы елішілік құндылық үлесін есептеу (Веб-порталда ұсынылады). Қабылдау-берудің соңғы актісімен бірге беріледі.

4.1.5. Шарт талаптарына сәйкес тауардың саны мен сапасы бойынша Тапсырыс беруші анықтаған кемшіліктерді жоюға.

Тапсырыс беруші Өнім берушінің тауарлардағы елішілік құндылықтың болжамды үлесін ұсынуын талап етуге құқылы емес.

4.1.6. Сатып алу туралы шартты орындау шеңберінде жеткізілетін тауарлардың техникалық регламенттерде, стандарттардың ережелерінде немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттарды ұсынуға міндеттенеді.

4.1.7. Тауарды қабылдау-беру процесінде тауардың сапасын, санын, сондай-ақ тауардың Шарт талаптарына сәйкестігін тексеруді жүзеге асыру.

4.1.8. Шартқа №4 қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасалған Қабылдау-беру актісі бойынша Тауарды өткізу және Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес рәсімделген шот-фактура жазып беру.

4.1.9. Тауарды тиеуге дейін 3 (үш) жұмыс күні бұрын Тапсырыс берушінің қарауына Шарттың 2-бөлімінің 2.4-тармағында және техникалық ерекшелікте (Шартқа №2 қосымша) көрсетілген құжаттардың электрондық көшірмелерін жіберу.

4.1.10. Шарттың 2-бөлімінің 2.4-тармағында және техникалық ерекшелікте (Шартқа №2 қосымша) көрсетілген техникалық құжаттар мен құжаттардың түпнұсқаларын Шартқа №2 қосымшада көрсетілген Тауарды жеткізу орны бойынша Тауармен бірге қағаз жеткізгіште жіберу.

4.1.11. Тауар жеткізілгеннен кейін 4 (төрт) жұмыс күнінен кешіктірмей Тапсырыс берушінің өкілі қол қойған қорларды басқа жаққа беруге арналған жүкқұжаттың, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітілген нысан бойынша бұрыштама қойылған Қабылдау-беру актісінің (Шартқа №4 қосымша), электрондық шот-фактураның көшірмесін Тапсырыс берушінің кеңсесіне жолдау.

4.1.12. Апта сайынғы негізде Тапсырыс берушіге Тауарды жеткізу мәртебесі туралы есептілікті ұсыну (Тараптармен келісілген нысан бойынша).

4.1.13. Өнім беруші тарапынан Шарт талаптарын орындауға жауапты адамдарды тағайындау.

4.1.14. Есепті тоқсаннан кейінгі айдың 2 (екінші) күнінен кешіктірмей Тапсырыс берушіге өз тарапынан қол қойылған өзара есеп айырысуларды салыстыру актісін шарт жасалған күннен бастап есепті күнге дейінгі кезең үшін, өзара есеп айырысулар толық аяқталғанға дейін ұсыну.

4.1.15. Шот-фактураны электрондық нысанда жазып, оны Тапсырыс берушіге уақтылы жіберу.

4.1.16. Қазақстан Республикасының уәкілетті органдары мердігердің шот-фактурасында көрсетілген қосылған құн салығы бойынша есепке жатқызудың дұрыстығын растамаған жағдайда, Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген талап қою мерзімі ішінде Өнім берушіге келтірілген барлық шығындарды толық көлемде өтеу.

4.1.17. Қазақстан Республикасының Салық кодексінде белгіленген талап қою мерзімі ішінде электрондық нысанда шот-фактура жазып беру бойынша өзіне шот-фактура мерзімін немесе Қазақстан Республикасының салық заңнамасының талаптары бұзыла отырып жазып берілген жағдайда, Тапсырыс берушіге келтірілген барлық залалдарды толық көлемде өтеу.

4.1.18. Тауарды Қазақстан Республикасының аумағына әкелу (импорттау) кезінде:

4.1.18.1. Тапсырыс берушінің жазбаша сұрау салуы бойынша кеден органының ЕАЭО СЭҚ ТН кодын растау туралы қорытындысын Тараптар келіскен мерзімде жіберу;

4.1.18.2. Тапсырыс берушінің жазбаша сұрау салуы бойынша Қазақстан Республикасының Салық кодексінде белгіленген ескіру мерзімі ішінде «Трансферттік баға белгілеу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдары сұратқан ақпарат пен құжаттаманы ұсыну.

4.1.19. Осы тармақтың 4.1.18-тармақшасына қосымша Еуразиялық экономикалық одаққа мүше болып табылатын мемлекеттердің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына тауарды әкелу (импорттау) кезінде:

4.1.19.1. Тауарға ілеспе құжаттарды және (немесе) Тауардың кеден одағына мүше бір мемлекеттің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына өткізілгенін растайтын және Қазақстан Республикасы Салық Кодексінің 455 және 456-баптарында көзделген өзге де құжаттарды ұсыну;

4.1.19.2. Тауарды халықаралық автомобиль қатынасында тасымалдау кезінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік бақылаудан өткені туралы талонның көшірмесін ұсыну;

4.1.19.3. егер шарттың жалпы сомасы сатып алынатын Тауардың, сондай-ақ басқа да шығыстардың құнынан тұратын болса, Тауардың және ілеспе жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің құнын бөлек көрсету;





4.1.19.4. Кеден одағына мүше басқа мемлекеттің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына импортталатын Тауар бойынша Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 456-бабы 2-тармағының 6) тармақшасында көзделген ақпараттық хабарламаны жіберу;

4.1.19.5. Комиссионер (сенім білдірілген адам) тауарды Қазақстан Республикасының аумағына әкелген кезде комиссия (тапсырма) шарттарының негізінде комиссия шарттарының (келісімшарттарының) немесе тапсырмалардың көшірмелерін беру.

4.1.20. Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдары Еуразиялық экономикалық одаққа мүше болып табылатын мемлекеттердің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына Тауарды әкелу (импорттау) кезінде Өнім берушінің кінәсінен салық есептілігін уақтылы немесе толық ұсынбаудан туындаған өсімпұлдар мен айыппұлдарды қойған жағдайда, келтірілген барлық залалдарды толық көлемде өтеу. Мұндай залалдарды өтеу шарт бойынша Өнім берушіге төленуге тиісті сомалардан ұстап қалу арқылы жүргізілуі мүмкін.

4.1.21. Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына импортталған Тауарды қайтару кезінде Тараптар тиісті сапаның және (немесе) жиынтықтың болмауы себебінен қайтарылуға жататын импортталған Тауарлардың саны туралы мәліметтерді қамтитын, Тапсырыс беруші мен Өнім беруші келіскен талап-арызды; Қабылдау-беру актілерін; Тауарға ілеспе құжаттарды; Тауарды жою актілерін рәсімдейді.

4.1.22. Тауарды жеткізу мерзімдері бұзылған және (немесе) Тауарды жеткізуден бас тартылған жағдайда, нақты жұмсалған шығыстарды ескере отырып, Тапсырыс беруші төлеген авансты (алдын ала төлемді) Тапсырыс берушіге қайтару.

4.1.23. Тапсырыс берушінің сұрау салуы бойынша 5 (бес) жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіге Шарт бойынша жеткізілетін Тауармен бірдей және (немесе) біртекті тауарларға Өнім беруші ұсынатын бағалар туралы ақпаратты (оның ішінде Өнім беруші белгілі бір күнге қол қойған коммерциялық ұсыныстарды) беру мүмкіндігін қарастыру.

4.2. Өнім беруші:

4.2.1. Тапсырыс берушіден Шартта көзделген төлемді (төлемдерді) талап етуге;

4.2.2. Тапсырыс берушіден Тауарды уақтылы қабылдауды және Қабылдау-беру актілеріне қол қояды талап етуге.

4.2.3. Тапсырыс берушіден авансты (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді уақтылы қайтаруды талап етуге;

4.2.4. Тапсырыс берушіден Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді уақтылы қайтаруды талап етуге.

4.2.5. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша Шартты бұзуға құқығы бар.

4.3. Тапсырыс беруші міндетті:

4.3.1. Шарттың шарттарына сәйкес жеткізілген Тауарды қабылдау.

4.3.2. Өнім берушіден беру-өткізу актісін алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде наразылықтар болмаған жағдайда беру-өткізу актісіне қол қою.

4.3.3. Шарттың шарттарына сәйкес төлемді (төлемдерді) жүргізу.

4.3.4. Өнім берушіге тапсырыс берушіден алынған алдын ала төлем сомасына шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде авансты (алдын ала төлемді) қайтаруды енгізілген қамтамасыз етуді қайтару.

4.3.5. Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Өнім берушіге енгізілген шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтаруға.

4.3.6. Жеткізілген Тауардың ақаулары болған кезде Өнім берушіге тауарды қабылдаудан дәлелді бас тартуды және ақауларды жою мерзімін көрсете отырып, ақаулар тізбесін жіберу.

4.4. Тапсырыс беруші құқылы:

4.4.1. Өнім берушіден Шартта белгіленген сапаға және санға сәйкес Тауарды алу.

4.4.2. Шарттың бағасын сәйкесінше азайтумен Шарттың талаптарына сәйкес келмейтін Жұмыстарды немесе Жұмыстардың кез-келген бөлігінен бас тарту немесе ақаулы өнім тізімдемесімен Өнім берушіге сапасыз Тауарды қайтару.

4.4.3. ҚР заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша Шартты бұзуға және (немесе) Шарттан бас тартуға құқығы бар.

4.4.4. Өнім берушіден қойылған өсімақының, айыппұлдың және шығындардың сомасын төлеуді талап ету.

4.4.5. Шарттың 7-бөлімінде көзделген тұрақсыздық айыбының (айыппұлдардың, өсімпұлдардың), сондай-ақ Өнім берушіге төленуге жататын сомалардан шығындардың сомаларын шегеру.

4.4.6. Шарт талаптарына сәйкес келмейтін Тауар жеткізілген немесе Тауарға тиісті емес құжаттар ұсынылған жағдайда Тауарды қабылдаудан ішінара немесе толық бас тарту, сондай-ақ Өнім берушінің Шарт бойынша қабылдаған міндеттемелерін тиісінше орындамауына байланысты Тапсырыс беруші шеккен барлық шығындарды жабуды талап ету. Бұл жағдайда Тапсырыс беруші Өнім берушінің туындауы мүмкін қандай да бір залалы үшін жауапты болмайды, ал Өнім берушінің оларды өтеуге құқығы жоқ.

5. Тауарды тапсыру және қабылдау тәртібі





- 5.1. Тапсырыс беруші жеткізілген тауардың техникалық ерекшелікке және Шарттың өзге де талаптарына сәйкестігін тексеруге құқылы.
- 5.2. Жеткізілген Тауарды қабылдауды және беруді Жеткізушінің уәкілетті өкілі және Тапсырыс берушінің өкілі тексеру арқылы және Шартта көзделген құжаттар негізінде жүзеге асырады.
- 5.3. Жеткізілген тауардың саны мен сапасы мәселелері бойынша, оның ішінде қабылдаудың әдеттегі тәсілі кезінде анықталмайтын ақаулар бойынша (жасырын ақаулар) Тапсырыс беруші Өнім берушіге олар анықталған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күндері ішінде талап қояды. Егер Өнім беруші 10 (он) жұмыс күндері ішінде жауап бермесе, мұндай шағым Өнім беруші мойындаған болып саналады және Өнім беруші өзінің тәуекелдері мен шығыстары есебінен 10 (он) хабарлама алған сәттен бастап жұмыс күндері ішінде Тауардың жеткізілмеген және/немесе сапасыз бөлігін жеткізуге міндеттенеді.
- 5.4. Егер Тапсырыс беруші Тауарды алған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күндері ішінде Өнім берушіге Тауардың тиісті емес саны және/немесе сапасы туралы хабарлама жібермеген жағдайда, Тауар Тапсырыс беруші қабылдаған болып есептеледі және осы Шарттың талаптарына сәйкес төлеуге жатады.
- 5.5. Тауарды қабылдау Шартқа №2 қосымшаға сәйкес Тапсырыс берушінің қоймасында (Өнім беруші Тауарды түсіргеннен кейін) Тараптардың уәкілетті өкілдерінің міндетті қатысуымен жүзеге асырылады. Тапсырыс берушінің уәкілетті өкілі Тауарды Шарт талаптарына сәйкес саны, жинақтылығы және сапасы бойынша тексереді.

6. Кепілдіктер және Сапа

- 6.1. Өнім беруші жеткізілетін тауарға қолданылатын, белгіленген талаптарға сәйкес келетін жеткізілетін тауардың сапасына кепілдік береді. Өнім беруші осы Шарт бойынша жеткізілген тауардың жеткізілген тауарды қалыпты пайдалану шартымен конструкциясына, материалдарына немесе жұмысына байланысты ақаулары болмайтынына кепілдік береді
- 6.2. Өнім беруші Тауар жеткізілген күннен бастап 18 (он сегіз) ай мерзімге Тауар сапасына кепілдік береді (кепілдік мерзімі). Тауарды өндірушінің стандартты кепілдік мерзімі мен шарттары 18 (он сегіз) айдан асқан жағдайда, онда Тауарға Тауарды өндіруші көздеген кепілдік мерзімі мен шарттары қолданылады. Кепілдік шарттары жеткізілетін Тауардың техникалық ерекшелігінің талаптарына және пайдалану шарттарына қайшы келмеуге тиіс.
- 6.3. Егер кепілдік мерзімі ішінде тауардың ақаулары немесе оның шарт талаптарына сәйкес келмеуі анықталса, өнім беруші Тапсырыс беруші тиісті талаптарды ұсынған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде ақаулы тауарды жаңасына өз есебінен ауыстыруға міндеттенеді. Ауыстырылған тауар үшін кепілдік мерзімі жаңа тауарға ауыстырылған сәттен басталады. Тауарларды ауыстыру бойынша барлық шығыстарды Өнім беруші өз мойнына алады.
- 6.4. Егер тауарды ауыстыру бойынша кідіріс Өнім берушінің кінәсінен болған жағдайда, кепілдік мерзімі тиісті уақыт кезеңіне ұзартылады.
- 6.5. Тараптар анықталған ақаулар мен сәйкессіздіктер туралы тиісті актіні осындай ақаулар анықталғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде жасайды және қол қояды.
- 6.6. Өнім беруші Тараптар Шартқа қол қойғаннан кейін 20 (жиырма) жұмыс күнінен кешіктірмей Тапсырыс берушіге Шартқа №5 қосымшаға сәйкес нысан бойынша аванстық төлемді қайтарудың банктік кепілдігінің түпнұсқасын ұсынады. Аванстық төлемді қайтарудың банктік кепілдігі аванстық төлем толық өтелгенге дейін, бірақ 2026 жылдың 31 қаңтарынан кем емес мерзімге жарамды болуы керек.
- 6.7. Тапсырыс беруші Өнім беруші тарапынан шарт бойынша аванстық төлемді қайтару бойынша міндеттемелер орындалмаған жағдайда аванстық төлемді қайтарудың банктік кепілдігін толық көлемде пайдалануға құқылы.
- 6.8. Өнім беруші Шартқа Тараптар қол қойғаннан кейін 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіге Шарттың жалпы сомасынан 5 % мөлшеріндегі сомаға Шарттың орындалуына банктік кепілдіктің түпнұсқасын ұсынады, ол Шартқа №6 қосымшаға сәйкес нысан бойынша немесе Жүйеде қалыптастырылған электрондық банк кепілдігі түрінде 12 489 900 (он екі миллион төрт жүз сексен тоғыз мың тоғыз жүз) теңге 80 тиын құрайды. Шартты орындаудың банктік кепілдігі Тараптар Қабылдап алу-беру актісіне қол қойған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде, бірақ 2026 жылғы 31 қаңтардан кешікпейтін мерзімге дейін қолданылуы тиіс.
- 6.9. Шартты орындаудың банктік кепілдігінің баламасы ретінде Өнім беруші Шартқа Тараптар қол қойғаннан кейін 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде шарттың жалпы сомасынан 5 % мөлшерінде ақшалай қамтамасыз етуді Тапсырыс берушінің есеп айырысу шотына аударуға құқылы, ол 12 489 900 (он екі миллион төрт жүз сексен тоғыз мың тоғыз жүз) теңге 80 тиын құрайды.
- 6.10. Шарттың жалпы сомасы ұлғайған жағдайда, Өнім беруші 20 (жиырма) жұмыс күнінен кешіктірмей Тапсырыс берушіге Шартты орындаудың жаңа банктік кепілдігін (немесе бұрын берілген банктік кепілдікке өзгертуді/толықтыруды) беруге немесе Шарттың орындалуының банктік кепілдігінің немесе ақшалай қамтамасыз етудің сомасы Шарттың жалпы сомасынан 5 % құрайтындай етіп Тапсырыс берушінің есептік шотына қосымша соманы аударуға міндеттенеді.
- 6.11. Шарттың талаптары өзгерген, Тауарды жеткізу мерзімі өткен немесе өзге де қажеттілік туындаған жағдайда Өнім беруші Шарттың орындалуына банктік кепілдіктің қолданылу мерзімін Тапсырыс берушімен келісілген күнге дейін ұзартуға міндетті, бұл ретте Шарттың орындалуына банктік кепілдіктің қолданылу мерзімі Тараптар Орындалған жұмыстардың (көрсетілген қызметтердің) түпкілікті актісіне





қол қойғаннан кейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен ерте аяқталмауға тиіс.

6.12. Осы бөлімде көзделген Шартты орындаудың банктік кепілдігі шартсыз және қайтарып алынбайтын болуға тиіс. Шарттың осы бөлімінде көзделген банктік кепілдікті беруге қолданылатын барлық банк алымдары тек Өнім берушінің есебінен ғана өтеледі. Бұл ретте Тапсырыс беруші банктік кепілдікті кепілгер банктен осындай кепілдік свифттік расталғаннан кейін ғана қабылдайды.

6.13. Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған немесе тиісінше кепілдік мерзімі өткен күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіге банктік кепілдікті немесе ақшалай қамтамасыз етуді қайтару туралы жазбаша сұрау салу жіберуге міндетті.

6.14. Өнім беруші Шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған немесе бұзған жағдайда Тапсырыс беруші банктік кепілдікті немесе ақшалай қамтамасыз етуді толық көлемде пайдалануға құқылы. Бұл ретте банктік кепілдікке немесе ақшалай қамтамасыз етуге өндіріп алуды қолдану Тапсырыс берушінің сөзсіз құқығы болып табылады және Өнім берушінің өз міндеттемелерін орындауын қамтамасыз етудің немесе Шартта көзделген тұрақсыздық айыбын өндіріп алудың кез келген тәсілін алмастыру емес, толықтыру ретінде әрекет етеді.

6.15. Егер Шартта көзделген банктік кепілдіктердің кез келгені өз қолданысын тоқтатса не Тапсырыс беруші тиісті банктік кепілдікті оның қолданылуы аяқталғанға дейін пайдалану мүмкіндігін жоғалтса, Өнім беруші Тапсырыс берушіге Тапсырыс берушіден хабарлама (талап) алған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде Шартта көзделген талаптармен жаңа банктік кепілдікті немесе ақшалай қамтамасыз етуді беруге міндеттенеді.

7. Тараптардың жауапкершілігі

7.1. Шарт бойынша міндеттерді орындамау және/немесе тиісті түрде орындамау үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

7.2. Өнім берушінің жауапкершілігі:

7.2.1. Өнім беруші Шартта көрсетілген тауарды жеткізу мерзімдерін кешіктірген жағдайда, Өнім беруші Тапсырыс берушіге тауарды жеткізуді кешіктірген әрбір күнтізбелік күн үшін уақтылы жеткізілмеген тауар құнының 0,1% мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасының 10%-нан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді;

7.2.2. Өнім беруші Шарттың талаптарына сәйкес анықталған кемшіліктерді жою мерзімдерін бұзған жағдайда, Өнім беруші Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін Шарт сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасының 10%-нан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

7.2.3. Тауарлардағы елішілік құндылық үлесінің нақты есебі ұсынылмаған жағдайда, Өнім беруші Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін Шарт сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасының 10%-нан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

7.2.4. Шарттың 11-бөлімінде көзделген жағдайларды қоспағанда, өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған, тиісінше орындамаған, бас тартқан немесе орындай алмаған, сондай-ақ тауарды жеткізуді кешіктірген жағдайда, өнім беруші Тапсырыс берушінің талабы бойынша Тапсырыс берушіге жеткізу жүзеге асырылмаған не тиісінше жүзеге асырылмаған тауар құнының 10% мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті. іс және көрсетілген айыппұлдан тыс шығындарды толық өтеу.

7.2.5. Өнім беруші Тапсырыс берушінің талабы бойынша Тауардың барлығын немесе бір бөлігін жеткізбегені үшін жеткізілмеген Тауар құнының 10% мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті.

7.2.6. Өнім беруші өзіне қабылдаған міндеттемелерді сақтамаған кезде Өнім беруші Тапсырыс берушінің талабы бойынша міндеттемелерді орындамаған әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1%-ы мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасының 10%-ынан аспайтын өсімпұл төлеуге міндетті.

7.2.7. Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдары Еуразиялық экономикалық одаққа мүше болып табылатын мемлекеттердің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына Тауарды әкелу (импорттау) кезінде Өнім берушінің кінәсінен салық есептілігін уақтылы немесе толық ұсынбаудан туындаған өсімпұлдар мен айыппұлдарды қойған жағдайда, келтірілген барлық залалдарды толық көлемде өтеуге міндетті. Мұндай залалдарды өтеу Шарт бойынша Өнім берушіге төленуге тиісті сомалардан ұстап қалу арқылы жүргізілуі мүмкін.

7.2.8. Ақаулы немесе Шарт талаптарына сәйкес келмейтін Тауарды ауыстыру мерзімдері сақталмаған не мерзімінде ақаулар жойылмаған, сондай-ақ анықталған ақаулар туралы актіге уақтылы қол қойылмаған (Шарттың 6-бөлімінің 6.3 және 6.5-тармақтарына сәйкес) кезде Өнім беруші Тапсырыс берушінің талабы бойынша мерзімі өткен әрбір күн үшін Шарттың жалпы сомасының 0,01% мөлшерінде, бірақ шарттың жалпы сомасының 10%-ынан аспайтын тұрақсыздық айыбын төлеуге міндетті.

7.2.9. Өнім берушінің Шартта көрсетілген құжаттарды (оның ішінде банктік кепілдіктер мен олардың баламаларын) ұсыну мерзімдерін бұзғаны үшін Өнім беруші Тапсырыс берушінің талабы бойынша мерзімі өткен әрбір күн үшін Шарттың жалпы сомасының 0,1%-ы мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасының 10%-ынан аспайтын өсімпұл төлеуге міндетті.

7.2.10. Егер Өнім беруші шартта белгіленген мерзімде шарттың орындалуын қамтамасыз етуді ұсынбаған жағдайда, Тапсырыс беруші шартты біржақты тәртіппен бұзады, әлеуетті өнім беруші енгізген өтінімді қамтамасыз етуді ұстайды, өнім беруші өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған жағдайларды қоспағанда, сатып алу мәселелері жөніндегі уәкілетті органға өнім





беруші туралы мәліметтерді Қордың сенімсіз өнім берушілерінің тізбесіне енгізу үшін ақпарат жібереді сатып алу туралы шарт бойынша сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізудің соңғы мерзімі өткенге дейін.

7.2.11. Өнім берушінің осы Шарт бойынша міндеттемелерін орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін (тауарды жеткізуді кешіктірген жағдайларды қоспағанда) өнім беруші Тапсырыс берушінің талабы бойынша әрбір осындай жағдай үшін жеткізілуі жүзеге асырылмаған не тиісінше жүзеге асырылмаған тауардың жалпы құнының 10% мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті.

7.2.12. Тапсырыс беруші осы Шарт бойынша төлемді жүзеге асырған және өнім беруші осы Шарт бойынша міндеттемелерді белгіленген мерзімде орындамаған немесе тиісінше орындамаған және (немесе) шартты тоқтатқан (оның ішінде оны бұзу жолымен) жағдайда өнім беруші Тапсырыс берушінің бірінші жазбаша талабы бойынша алынған ақшалай қаражатты қайтаруды жүзеге асыруға міндеттенеді (олардың шығысы жұмыстарды/көрсетілетін қызметтерді қабылдау актілерімен расталмаған/талап жіберілген күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірілмейтін мерзімде. Қайтару мерзімі бұзылған жағдайда өнім беруші Тапсырыс берушінің талабы бойынша Тапсырыс берушінің ақшасын заңсыз пайдаланғаны үшін әрбір кешіктірілген күн үшін қайтарылуға жататын соманың 0,1% мөлшерінде өсімпұл төлеуге міндетті, бірақ шарттың жалпы сомасының 10% - нан аспайды.

7.3. Өнім беруші Тапсырыс берушінің Шарт бойынша Өнім берушінің өз міндеттемелерін орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тапсырыс берушіге тиесілі тұрақсыздық айыбының (айыппұлдардың, өсімпұлдардың) сомасын Шарт бойынша төленуге жататын сомалардан ұстап қалуына келіседі.

7.4. Өнім беруші Тапсырыс берушіге Шарт күшіне енгенге дейін қандай да бір шығыстар шеккен жағдайда, оған талап қоюға құқылы емес.

7.5. Тапсырыс берушінің жауапкершілігі:

7.5.1. Шарт бойынша төлемдер (оның ішінде аванстық төлемдер) кешіктірілген жағдайда, Тапсырыс беруші берушіге мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін берешек сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасының 10%-нан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

7.5.2. Өнім беруші ұсынған аванстық төлемді қамтамасыз етуді қайтару кідірілген жағдайда Тапсырыс беруші Өнім берушіге мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін аванстық төлем сомасының 0,1% мөлшерінде өсімпұл төлейді, бірақ аванстық төлем сомасының 10% - нан аспайды.

7.5.3. Өнім беруші ұсынған Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтару кідірілген жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіге мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін шарт сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасының 10%-нан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлеуге тиіс.

7.5.4. Тапсырыс беруші тауарды қабылдауды кідірткен жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіге әрбір күнтізбелік күн үшін кідіріс сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасының 10%-нан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

7.5.5. Тапсырыс беруші Қабылдау-тапсыру актісіне қол қояды кідірткен жағдайда Тапсырыс беруші Өнім берушіге әрбір күнтізбелік күн үшін кідірту сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасының 10%-нан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

7.5.6. Тапсырыс беруші құжаттарды уақтылы ұсынбаған жағдайда (егер Шарттың талаптары бойынша Тапсырыс берушінің Тауарды жеткізу үшін Өнім берушіге құжаттарды ұсынуы талап етілген жағдайда), соның салдарынан Өнім беруші Шартта көзделген өз міндеттемелерін орындай алмаған жағдайда, Өнім берушінің Тапсырыс берушіден Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мерзімі өтіп кеткен залалдарды өтеуді талап етуге құқығы бар.

7.6. Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші «Самұрық-Қазына» АҚ-ның Сенімсіз әлеуетті өнім берушілерінің (өнім берушілерінің) тізбесіне Өнім беруші туралы мәліметтерді енгізу үшін сатып алу мәселелері жөніндегі уәкілетті органға белгіленген тәртіппен ақпарат жібереді.

7.7. Тапсырыс берушінің тауарға ақы төлеу жөніндегі міндеттемелері Өнім беруші Шарт бойынша барлық міндеттемелерді орындағаннан кейін, оның ішінде Өнім беруші Шарттың 2-бөлімінің 2.3 және 2.4-тармақтарында көзделген талаптарды орындаған кезде туындайды.

7.8. Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауды бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші Шарттың орындалуын енгізілген қамтамасыз ету сомасынан Өнім берушіге Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзғаны және осыған байланысты туындаған шығындар үшін есептелген айыппұл сомасын ұстап қалуға құқылы.

7.9. Тапсырыс беруші алдын ала төлеген төлемнен аз сомаға тауарды нақты жеткізген кезде Шарттың қолданылуы тоқтатылған жағдайда Тапсырыс беруші енгізілген авансты қайтаруды қамтамасыз ету сомасынан тиісті айырманы ұстап қалуға құқылы.

7.10. Шарттың осы бөлімінде көзделген тұрақсыздық айыбын (айыппұлдарды, өсімпұлдарды) төлеу бойынша міндеттемелер екінші Тараптан тиісті кінәрат-талап (талап) алынғаннан кейін бір тарапта туындайды. Тарап Шарттың осы бөлімінде көзделген тұрақсыздық айыбын (айыппұлдарды, өсімпұлдарды) екінші Тараптан тиісті шот алынған күннен бастап күнтізбелік 7 (жеті) күн ішінде төлеуге тиіс.

7.11. Тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеу Тараптарды осы Шартта көзделген міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

7.12. Шарттың талаптарына сәйкес жеткізілетін Тауарды өндірушіге Тауарды уақтылы жеткізбегені не жеткізуден бас тартқаны үшін есептелетін айыппұлдардың (өсімпұлдардың) жалпы мөлшері шарт сомасының 10%-нан аспауға тиіс.





8. Шартты өзгерту, бұзу тәртібі

- 8.1. Осы Шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу Қазақстан Республикасының заңнамасына және Тәртіпке сәйкес жүзеге асырылады.
- 8.2. Жобаға не сатып алу туралы жасалған шартқа өткізілетін (өткізілген) сатып алу талаптарының мазмұнын және/немесе Өнім берушіні таңдау үшін негіз болған ұсынысты өзгерте алатын өзгерістерді Тәртіптің тиісті тармағында(тарында) көзделмеген өзге де негіздер бойынша енгізуге жол берілмейді.
- 8.3. Тапсырыс беруші мынадай жағдайларда шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға құқылы:
- 8.3.1. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 404-бабының 2-тармағының негізінде;
- 8.3.2. Өнім беруші өз міндеттемелерін бұзған жағдайда;
- 8.3.3. Тауарларды алудағы негізді орынсыздыққа байланысты, атап айтқанда:
- 8.3.3.1. төтенше жағдайға немесе экономикадағы басқа да жағымсыз құбылыстарға байланысты Тапсырыс берушінің шығыстары қысқарған жағдайда;
- 8.3.3.2. тапсырыс берушінің алқалы атқарушы органының/байқау кеңесінің шешімі негізінде өндірістік қажеттілік болмаған жағдайда (алқалы атқарушы орган/басқару органының байқау кеңесі/жоғары органы (қатысушылардың жалпы жиналысы) болмаған жағдайда.
- Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алудың негізді орынсыздығына байланысты сатып алу туралы шартты орындаудан бас тартуға Тапсырыс беруші Өнім берушіге нақты шеккен шығыстарды төлеген жағдайда жол беріледі.
- 8.3.4. Шарт тараптарының бірі Шарт талаптарында көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі міндеттемелерді бұзған кезде.
- 8.4. Тапсырыс беруші біржақты соттан тыс тәртіппен Шартты орындаудан бас тартқан кезде Тапсырыс беруші Орындаушыға Шартты бұзудың болжамды күніне дейін кемінде күнтізбелік 15 (он бес) күн бұрын тиісті жазбаша хабарлама жібереді. Хабарламада Шартты бұзудың себебі көрсетілуі тиіс, күші жойылған шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ Шартты бұзудың күшіне енген күні көрсетілуі тиіс.
- Жоғарыда көрсетілген мән-жайларға байланысты Шарт бұзылған жағдайда, Өнім беруші Шартты бұзған күндегі орындауға байланысты нақты шығындар үшін ғана төлемді талап етуге құқылы.
- 8.5. Сатып алуда «Самұрық-Қазына» АҚ-ның құрылымдық бөлімшесі тұлғасында сатып алуды жүзеге асыру мәселелері жөніндегі уәкілетті орган бұзушылықтарды анықтаған жағдайда Тапсырыс берушінің жасалған Шартты біржақты тәртіппен бұзуына және (немесе) бас тартуына жол берілмейді.
- Бұл жағдайда Шарт тараптардың өзара келісімі бойынша ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес және Өнім берушіген Шарт бұзылған күнге нақты жұмсалған шығыстарды төлеу кезінде бұзылуы мүмкін.
- 8.6. Егер Шарт Тапсырыс берушінің кінәсінен бұзылған жағдайда, Өнім беруші Тапсырыс берушіден Шарт талаптарын тиісінше орындамау салдарынан туындаған келтірілген залалдар мен шығындарды, сондай-ақ қойылған өсімпұл мен айыппұл сомасын қаржылық өтеуді талап етуге құқылы.

9. Хабарламалар

- 9.1. Егер Шарттың талаптары бойынша қандай да бір хат алысуды жүргізу, хабарламалар, нұсқаулықтар, келісімдер, бекітулер, сертификаттар немесе қандай да бір шешімдер ұсыну немесе шығару қажет болса және өзгеше түрде айтылмаса, онда хат алысудың мұндай түрі негізсіз бас тартулар мен кешіктірулер жазбаша түрде жүзеге асырылады.
- 9.2. Осы Шартқа сәйкес немесе оған байланысты хат алмасу жөніндегі барлық құжаттарда Тараптардың деректемелерімен Шарт нөмірі болуға тиіс.
- 9.3. Осы Шарттың талаптары бойынша жазбаша нысанда орындалуға тиіс кез келген хат-хабар, хабарламалар, есептер, сұрау салулар, талаптар, бекітулер, келісімдер, нұсқаулықтар, тапсырыстар, сертификаттар немесе басқа да хабарламалар алдын ала ұсынылуға және қолма-қол немесе кейіннен түпнұсқасын беру арқылы 5 (бес) жұмыс күні ішінде факсты/электрондық нұсқаны алған күннен бастап кейіннен түпнұсқасын бере отырып, пошталық хабарламасы бар тапсырыс хатпен, факспен немесе электрондық поштамен тапсырылуға тиіс.
- 9.4. Курьерлік пошта, телекс, телеграмма немесе факс арқылы жіберілген кез-келген хабарлама (алдыңғы алуды растаусыз) тапсыру уақытында жеткізілген деп есептеледі.
- 9.5. Тапсырыс (әуе) хат арқылы жіберілген ескерту пошталық жеткізуді растайтын пошталық бөлімнің немесе курьерлік қызметтің мөртабаны болған жағдайда жеткізілген деп есептеледі.

10. Шарттың мерзімі

- 10.1. Шарт Тараптардың уәкілетті тұлғалары қол қойған күннен бастап күшіне енеді және 2025 жылғы 31 желтоқсанға дейін, ал өнім берушінің шарт бойынша қабылданған өзара есеп айырысулары, кепілдік міндеттемелері мен міндеттемелері бөлігінде олар толық аяқталғанға дейін қолданылады. Тауарларды жеткізу мерзімдері сақталмаған, оның ішінде өнім берушінің кінәсінен кешіктірілген





жағдайда Шарт тауар толық жеткізілгенге дейін қолданылады.

11. Еңсерілмейтін күш жағдайлары (Форс-мажор)

11.1. Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерін толық немесе ішінара орындамағаны үшін, егер ол еңсерілмес күш мән-жайларының салдары болып табылса, жауапкершіліктен босатылады. Осы бөлімнің мақсаттары үшін «еңсерілмейтін күш мән-жайы» Тараптардың бақылауына бағынбайтын және күтпеген сипаттағы оқиғаны білдіреді. Мұндай оқиғалар әскери іс-қимылдар, табиғи немесе дүлей зілзалалар, індет, карантин, эмбарго сияқты іс-қимылдарды, сондай-ақ осы мән-жайлар Тараптардың кез келгенінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауын мүмкін етпеген жағдайда, мемлекеттік органдардың құқықтық актілер және/немесе өзге де шешімдер шығаруын қамтуы мүмкін, бірақ олармен шектелмейді.

11.2. Форс-мажорлық жағдай туындаған кезде, міндеттемелерді орындау мүмкін еместігі туындаған Тарап екінші Тарапқа пайда болған сәттен бастап күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде форс-мажордың күтілетін ұзақтығы туралы жазбаша (хабарлама) хабарлауға, сонымен қатар осындай жағдайлар мен олардың себептері туралы, сондай-ақ құзыретті орган берген осындай жағдайлардың болуын растайтын құжаттарды ұсынуға міндетті.

11.3. Хабарламау немесе уақтылы хабарламау Тарапты Шарт бойынша міндеттемені орындамағаны үшін жауапкершіліктен босататын негіз ретінде жоғарыда көрсетілген кез келген жағдайға сілтеме жасау құқығынан айырады.

11.4. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі еңсерілмейтін күш мән-жайлары, сондай-ақ осы мән-жайлардан туындаған салдарлар әрекет еткен уақытқа мөлшерлес кейінге шегеріледі.

11.5. Егер Тараптардың міндеттемелерді толық немесе ішінара орындай алмауы 1 (бір) айдан асатын болса, онда Тараптардың Шартты бұзуға және өзара есеп айырысуға құқығы бар.

12. Дауларды шешу тәртібі

12.1. Шартқа қатысты Тараптар арасында пайда бола алатын барлық даулар және келіспеушіліктер келіссөздер арқылы шешіледі.

12.2. Егер осындай келіссөздер нәтижесінде Тараптар Шарт бойынша дауды шеше алмаса, Тараптардың кез-келгені осы мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Тапсырыс берушінің орналасқан жері бойынша сот тәртібімен шешуді талап ете алады. Шартпен реттелмеген барлық мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

12.3. Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасының нормаларымен реттеледі.

13. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету

13.1. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар мен олардың қызметкерлері төлем жасамайды, төлеуге ұсыныс жасамайды және қандай-да бір тұлғаларға тікелей немесе жанама түрде заңсыз артықшылықтарға немесе өзге де заңсыз мақсаттарға қол жеткізу үшін қандай-да бір ақшалай қаражат немесе құндылық төлеуге жол бермейді.

13.2. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың жұмыскерлері осы Шарттың мақсаттары үшін қолданылатын заңнамада пара беру/алу, коммерциялық параға сатып алу ретінде сараланатын іс-әрекеттерді, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын іс-әрекеттерді жүзеге асырмайды.

13.3. Осы Шарт Тараптарының әрқайсысы басқа Тараптың жұмыскерлерін қандай да бір жолмен, оның ішінде ақшалай сомаларды, сыйлықтарды беру, олардың атына жұмыстарды (көрсетілетін қызметтерді) өтеусіз орындау арқылы және жұмыскерді белгілі бір тәуелділікке қоятын және осы жұмыскердің оны ынталандыратын тараптың пайдасына қандай да бір іс-әрекеттерді орындауын қамтамасыз етуге бағытталған басқа да тәсілдермен ынталандырудан бас тартады.

13.4. Тарапта қандай да бір сыбайлас жемқорлыққа қарсы шарттардың бұзылуы орын алды немесе орын алуы мүмкін деген күдік туындаған жағдайда, тиісті Тарап екінші Тарапты жазбаша нысанда хабардар етуге міндетті.

13.5. Тарап жазбаша хабарламада контрагенттің, оның жұмыскерлерінің пара беру немесе алу, коммерциялық параға сатып алу сияқты қолданыстағы заңнамада сараланатын әрекеттерінен, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың және Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын әрекеттерінен көрінетін осы шарттардың қандай да бір ережелерін бұзғанын немесе бұзуы мүмкін екенін анық растайтын немесе болжауға негіз беретін фактілерге сілтеме жасауға немесе материалдарды ұсынуға міндетті.

13.6. Осы Шарттың Тараптары сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі рәсімдердің жүргізілуін таниды және олардың сақталуын бақылайды. Бұл ретте Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне тартылуы мүмкін контрагенттермен іскерлік қатынастар тәуекелін азайту үшін ақылға қонымды күш-жігер жұмсайды, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында бір-біріне өзара жәрдем көрсетеді.

13.7. Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне Тараптарды тарту тәуекелдерін болдырмау мақсатында комплаенс тексерулер жүргізу жөніндегі рәсімдерді іске асыруды қамтамасыз етуге міндеттенеді.

14. Құпиялылық

14.1. Тараптар осы Шартқа қол қою арқылы осы Шарттың мазмұны, сондай-ақ төлем туралы ақпарат құпия еместігіне және Қазақстан Республикасының уәкілетті органдары мен ұйымдарының веб-порталында және/немесе өзге де ақпараттық жүйелерінде үшінші тұлғалар





үшін қолжетімді екендігіне өз келісімін білдіреді.

